

Тұрабаева Л.Қ.,

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің
доценті, ф. ф. к., Шымкент қ., Қазақстан, e-mail: turabaeva-l@mail.ru

ОҚЫТУШЫНЫҢ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІГІ МЕН ТІЛ МӘДЕНИЕТІ

Мақалада болашақ мамандардың кәсіби сөйлеу мәдениетін қалыптастыру жолдары, педагогикалық мәдени қатынасты қалыптастырудың алғышарттары мен ерекшеліктері туралы мәселе қарастырылады. Сондай-ақ жалпыадамзаттық мәдени құндылықтар, соның ішінде руханилық, тіл мен ойлау сөз болады.

Педагогтардың қарым-қатынас мәдениеті, сондай-ақ рухани және шығармашылық қызметті қалыптастыру жолдары түсіндіріледі. Тіл мәдениеті негізінде сөйлеу шеберлігі, ойын дұрыс, жүйелі, әсерлі баяндауы айтылған. Оқытушының коммуникативтік бағыттағы тіл қызметіне мән беруі басты назарда болуы тиіс. Әрбір оқытушының өзіндік тіл мәдениетінің қалыптасуы, тіл техникасын дұрыс меңгеруі, тілдік шеберлігі болуы керек. Ауызша сөйлеу тіл мәдениеті және шешендік өнер арқылы дамитыны белгілі. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі сөйлеу мәдениетін дұрыс игеруден басталады. Тілдік қатынас адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу, т.б. әрекеттері арқылы жүзеге асады. Сөзді қабылдау және ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Тіл мәдениетінің басты талаптарының бірі – сөздердің дұрыс айтылуы мен дұрыс жазылуы. Тіл мәдениетін қалыптастырудың тағы бір жолы – тілдің халықтық қасиетін ауыз әдебиеті үлгілерін, көркем әдебиет арқылы меңгеру. Өз ойын көркем етіп жеткізе білу тіл мәдениетін меңгерудің бірден-бір шарты. Адамның ұлттық мәдениет пен дәстүрлі құндылықтарды құрметтеуі және оны ары қарай дамытуы – мәдениеттің белгісі. Болашақ мамандардың кәсіби шеберлігі оның жан-жақты білімінен байқалады.

Түйін сөздер: кәсіби шеберлік, тіл мәдениеті, қарым-қатынас қызметі, тілдік қатынас, шығармашылық қабілет, өзін-өзі дамыту, жеке тұлға.

Turabaeva L.K.

Professional skills and speech culture of the teacher

This article considers main values such as culture, thinking and communication culture, humanism culture, language culture, pedagogical culture. The author tries to explain the terms and reasons of formation of pedagogical communication culture. Some peculiarities of language culture were defined as well in the article.

In this work we consider the communication culture of teachers, ways of formation of their spiritual and creative activities. The article discusses issues of speech skill based on language culture, the ability to express thoughts properly, systematically, figuratively. It is necessary to pay great attention to the speech communication direction of speech activity of a teacher. Every teacher should have culture of speech, speech technique, speech skill. It is known that the culture of oral speech develops on the basis of oratory. Professional competence of future experts begins with the formation of speech culture. Speech communication is realized through thinking, speaking, listening, understanding, exchanging views and different intentions. Perception and understanding of speech are closely linked. One of the basic requirements of speech culture is correct pronunciation and spelling of words. Another way of formation of speech culture is the absorption of ethnic language through samples of oral national creativity, art literature. One of the conditions of assimilation of language culture is the ability to vividly convey his thoughts. The respect of national culture and national values and their further development is a manifestation of culture. Professional skills of future specialists is determined by the diversity of knowledge.

Key words: professional skills, speech culture, communication service, communication language, creative ability, self-development, individual.

Турабаева Л.К.

Профессиональное мастерство и речевая культура преподавателя

В данной статье рассматриваются причины, условия и особенности формирования педагогической культуры общения, процессы формирования профессиональной культуры речи будущих специалистов, а также основные ценности общечеловеческой культуры, таких как: духовность, язык, мышление.

В данной работе рассматривается культура общения педагогов, пути формирования их духовной и творческой деятельности. Рассматриваются вопросы речевого мастерства на основе языковой культуры, умение выражать мысли правильно, системно, образно. Необходимо уделять большое внимание речевой коммуникативной направленности речевой деятельности преподавателя. Каждый преподаватель должен обладать культурой речи, техникой речи, речевым мастерством. Известно, что культура устной речи развивается на основе ораторского искусства. Профессиональная компетенция будущих специалистов начинается с формирования культуры речи. Речевое общение реализуется посредством размышления, говорения, слушания, понимания, обмена мнениями и другими намерениями. Восприятие и понимание слова тесно связаны между собой. Одно из основных требований речевой культуры – правильное произношение и правописание слов. Другой путь формирования культуры речи – усвоение народности языка через образцы устного народного творчества, художественной литературы. Одно из условий усвоения языковой культуры – умение образно передать свои мысли. Уважение национальной культуры и национальных ценностей и дальнейшее их развитие – проявление культуры. Профессиональное мастерство будущих специалистов определяется через разносторонность их знаний.

Ключевые слова: профессиональные навыки, культура речи, коммуникационная служба, язык общения, творческие способности, саморазвитие, физическое лицо.

Тарихы тереннен бастау алатын тілдік әдеп негіздері мен ұлттық құндылықтардағы сөйлеу талаптарын жалпы адамзаттық мәдениетпен ұштастыра отырып жас ұрпақтың бойына сіңіру, оларды тіл мәдениетіне баулу арқылы жүзеге асатыны белгілі. Өйткені тіл – адам санасында шындықты бейнелеу мен жинақтау құралы болса, сөйлеу – адамның интеллектуалдық әрекетінің ерекше түрі болып табылады. Бұл жас ұрпақтың тілдік, әлеуметтік, қатысымдық, этикалық дағдыларын дара тұлға мәдениетімен бірлікте дамытудың маңыздылығын көрсетеді.

Тіл мәдениеті жоғары педагогикалық кадрларды дайындауда өте қажет. Тіл мәдениеті болашақ мамандардың педагогикалық мәдениетін дамытуға ықпал етеді, оқу-тәрбие процесінде маңызды рөлге ие. Еліміздің тарихы бай, рухани және материалдық мәдениеті жоғары болуы үшін Х.Досмұхамедовтың: «Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жұрттардың тілі бай болады», - деген пікірі бүгінгі күннің шындығы десек болады [1, 12].

Педагогтың тіл мәдениетін қалыптастырудағы аса маңызды парадигма – ана тілін ұлттық құндылық ретінде меңгерту парадигмасы. Тіл мәдениетін меңгеруде басты міндеттердің бірі оқушының бойында ұлттық тілді қалыптастыру болып саналады. Мәдениет, ойлау, тіл секілді ең негізгі құндылықтар халықтың рухани дамуының түп қазығы, тірегі ретінде тіл мәдениетінің ішкі мазмұны мен жалпы болмысында өзара тығыз ұштасып жатыр. Сондықтан тіл мәдениеті:

– біріншіден, оқушының өзге адамдармен қатынас деңгейін көтеруге қызмет етеді;

– екіншіден, тіл мәдениеті табиғи түрде адамның ойлау мәдениетін жетілдіруге жол ашады;

– үшіншіден, тіл мәдениетінің қатысымдық сапасын меңгерту оқушының тілін дамытудан, тілін ұстартудан басталып, нәтижесінде тілді түйсінуге, құрметтеуге, талғампаздықпен қолдануға әкеледі.

Педагогикалық мәдениет – бұл жоғары деңгейдегі кәсібилік пен педагогтың ішкі жандүниесін сараптай білуі, оқыту әдістемесі мен мәдени шығармашылық қабілеттерін игере білуі. Бұл адамның жинақталған тәжірибесі мен шығармашылығын ұштастыра білу іс-шарасы. Жоғары педагогикалық мәдениетті меңгерген ұстаз, жақсы дамыған педагогикалық ойлау мен пайымдауды, шығармашылық потенциал мен әлемдік мәдени-тарихи тәжірибені орайластыра алады. Сондай-ақ, жоғарыда аталған қабілеттерге қоса тіл мәдениетінің жоғары болуы оқытушының меншігінде. «Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті» ұғымы дамудың жалпы қабылданған деңгейі мен адамның ой-өрісін рухани және шығармашылық қызметін қалыптастыру, сондай-ақ адамгершілік қарым-қатынаспен байланысты икемділік пен қабілеттілікке де байланысты. Сондай-ақ үлкендер мен балалардың қарым-қатынас жасауының тәсілдерін, формаларын, талаптарын мен әдістерін игеру, алдыңғы қатарлы педагогикалық

тәжірибені, дүниетанымы, мұғалім мен оқушы қарым-қатынасындағы тарихи аспект мәселелері сынды мәнге ие болады [2, 18].

Кәсіби дайындық мазмұнын адамгершілік тұрғыдан қалыптастыру – педагогтың мәдени потенциалын дамытатын негізгі құрал болып табылады. Дайындықтың адамгершілік мазмұны, ең алдымен, тілге қатысты сұрақтар шеңберін айқындайтын маманның бойында жоғары деңгейлі адамгершілік мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

Маманның мәдениеттілігі мінез-құлықтың, іс-әрекеттің интегралды көрсеткіші ретінде өз алдына және барлық құрамдас бөліктерінің бірлігі ретінде жинақталады. Педагогтың іс-тәжірибесінде кәсібилік, адамгершілік және қарым-қатынас мәдениеттерінің үйлесу тенденциясы байқалады. Оқытушының қарым-қатынас мәдениетінің кәсібилігі – бұл оның өзгелермен қарым-қатынас жасаудағы қабылдау қабілеттілігі мен икемділігі, түйсіну, өз ойын, сезімін жеткізе білу білім беру мен тәрбиелеу үрдісіндегі нақтылы міндеттерді педагогикалық тұрғыдан дұрыс шеше білу қабілетінің, икемділігінің әлеуметтік көрсеткіші деп санаймыз.

Тіл мәдениетінің коммуникативті сапасы деген ұғымды дұрыстық, тазалық дәлелдік, үйлесімділік, бейнелік, мәнерлілік, көпшілік тілдің түсініктілігі мен әрекеттілігі деп түсіну қалыптасқан. Тіл мәдениеті ұғымы шеңберінде адресаттың нақтылы жағдайда алдына қойған міндеттеріне сай игі әсер ете алуы сынды қасиеттердің бірлігі түсіндіріледі. Оған тіл байлығы, тазалығы, мәнерлілігі, анықтылығы мен түсініктілігі, нақтылығы мен дұрыстығы енеді. Педагогтың коммуникативті бағыттағы тіл қызметіне мән бермеуі оқушылармен қарым-қатынасының бұзылуына, психологиялық кедергінің қалыптасуына, тіптен шиеленісуіне алып келеді [3, 14].

Тіл, сөз, сөйлеу – педагогтың негізгі құралы болып табылады. Сондықтан мұғалімнің тіл мәдениетін қалыптастыру вербальді компонент болып табылады. Тіл мәдениетінің өзіндік қалыптасуында: қарым-қатынас технологиясы, тілдік шеберлік, көпшілік алдында сөйлеу т.б. болып табылады. Оқытушының тіл шеберлігі көптеген компоненттерден құралады. Ең маңыздысы тілдің мәдени және шешендік әрекеті. Оқытушының тілдік шеберлігін құратын фактор тіл мәдениеті, дикция, тіл техникасын білу, вербальды ес, импровизациялы

қабілет, рольдік және позициялы сөйлесімнің болуы, қарым-қатынас мәселелерін шешу болып табылады. Ауызша сөйлеу тіл мәдениеті мен шешендік өнермен сипатталады. Әрбір педагог дәрістік жағдайға, оқушының даралық қасиетіне байланысты өзгеріп кетуі мүмкін жағдайларға әсер ету формаларын іздестіруге талпынады. Жүргізілген сараптау оқытушының кәсіби тіл мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Жоғарыда сөз болған қасиеттерді маман бойына сіңіруде тіл мәдениеті, адамгершілік мәдениеті, педагогикалық мәдениет және қарым-қатынас мәдениетімен ұштасып жатады [4, 26].

Сөйлеу мәдениетін игеру – болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі. Бұл жерде тілдік қатынас өзара пікір алысу, түсінісу, сөйлесу деген ұғымдардан гөрі тереңірек тілдік қатынас үстіндегі әдеп нормаларының ауызша және жазбаша формаларын меңгеру, дұрыс қатынас жасауға қол жеткізетін тілдік құралдарды тиімді пайдалана білу мағынасын қамтиды. Осындай құзыреттілікті меңгерту – болашақ мұғалім-мамандардың кәсіби шеберлігінің сипаттамасы деуге болады [5,83].

Кәсіби құзыреттіліктің құрылымын анықтаудың бірнеше жолы бар. Олардың біріншісі оқытушының кәсіби құзыреттілігінің құрылымын педагогикалық ептілік жүйесі арқылы ашумен байланысты қарастыратын болсақ, одан кейінгілері педагогтың түрлі кәсіби саладағы құзыреттілігіне бөліну құрылымы арқылы анықталып отыр. Нақты атап өтсек: өзіндік білім беру және оқытушылық; тәрбие беру қызметі; ғылыми-әдістемелік және мәдени-ағартушылық; коррекциялық-дамытушы қызмет; басқарушылық қызмет.

Педагог қызметінің түріне қарамастан олардың әрқайсысында құзыреттілік екі негізгі компоненттен тұрады:

1. Оқытушының теориялық дайындығын анықтаушы білімдер жүйесі.
2. Оның кәсіби қызметін іс жүзінде атқаруға дайындығының негізгі құраушысы болатын ептілік пен дағдылар жүйесі.

Педагогтың мәртебесін көтеретін басты күш – оның кәсіби құзырлылығы. Кәсіби құзырлылық маманның әлеуметтегі қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби-педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер мен дағдылар жиынтығы немесе жекелік-кәсіби сипаттама. Білімнің сапасын қамтамасыз ететін пе-

дагогтар болғандықтан, ең алдымен олар сапалы қызмет көрсетуі тиіс.

Кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі. Ал педагог маманның кәсіби құзыреттілігіне маманның оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруда өз мамандығына байланысты барлық теория мен практиканы меңгеруі, жеке тұлғаны қалыптастыруда, яғни олармен жұмыс істеуге бағытталған қабілеттерінің бірлігі. Осыдан кәсіби құзыреттілік ұғымына педагогқа тән болуы тиіс барлық қасиеттер мен қабілеттер кіретіндігін аңғару қиын емес.

Педагогтардың кәсіби құзыреттілігіне байланысты зерттеушілер О.А. Абдулина, Ю.К. Бабанский, В.В. Краевский, Р.В. Овчарова, И.Ф. Харламовтар болса, мұғалімнің мәдениетіне байланысты зерттеу Б.С.Гершунский, Ш. Таубаева сияқты ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты. Аталған ғалымдардың еңбектеріндегі маманның кәсіби құзыреттілігіне берілген анықтамаларды саралай келе, педагогтың кәсіби құзыреттілігін төмендегідей деп танып отырмыз. Олар: педагогтың бойынан табылатын субъектілік, нысандық, пәндік компоненттер. Егер аталған компоненттердің әрқайсысына жеке-жеке тоқталатын болсақ, онда:

– субъектілік компонентке: мұғалімнің мақсат қоя білушілік, шығармашылық және өзін дамыту барысында өзіндік диагностиканы, өз ісіне талдау жасай отырып, өзіне сыни тұрғыдан қарай ашу шеберлігі жатады;

– нысандық компонентке: кәсіби іс-әрекет жүйесін және мұғалімнің әрекетіндегі қойылған міндеттерді шешудегі стратегиялық іскерлік.

– пәндік компонент: өз білімін жетілдіру мақсатында қажеттіліктерін қанағаттандыру.

Білім мазмұнына айтарлықтай өзгеріс әкеліп отырған ақпараттық құзыреттілік жалпы мәдениеттің құрамдас бөлігіне айналды. «Мәдениеттілік» ұғымын Б.С.Гершунский «тарихи мұраға саналы түрде құрметпен қарай отырып, қазіргі өмірдің кез келген саласында жұмыс істейтін адамның шығармашылық тұрғыда қабылдау және өзгерте білуге деген қабілеттілігі» деп көрсетеді [6, 12].

Мәдениеттілікті осы тұрғыда түсіну – мұғалімнің жеке тұлға ретінде қалыптасуында қазіргі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың мүмкіндіктерін игеріп, нағыз ақпараттық мәдениетке ие болуын қажетсінеді. Осы арқылы мұғалім шәкірттерінің бойында ұлт мәдениеттері арасындағы диалогты жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін дамытуға, адамзат қоғамы арасындағы түсіністік пен өркендеуге жол ашатын білім берудің басты мақсаттарының бірін іске асыра алады [7, 3].

Тіл мәдениетін қалыптастырудың жолы – тілдің халықтық қасиетін ауыз әдебиеті үлгілері, көркем әдебиет арқылы бала бойына сіңіру. Оқыған шығармасы бойынша ойын көркем етіп жеткізе білу де – тіл мәдениетін меңгерудің бірден бір шарты.

Қорыта айтқанда, қазіргі қоғам адамнан прогрессивті ойлай алатын, белсенді әрекетті, жан-жақты болуды талап етеді. Болашақ мамандардың кәсіби шығармашылығы – оның жан-жақты білімінен ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен өлшенеді. Маман қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның білім беру аясы да соғұрлым кең болмақ.

Әдебиеттер

- 1 Озғанбаев Ө. Тереннен тартып тамырын. Х. Досмұхамедұлының ғылыми мұрасы хақында // Ақиқат. – 2004. – №1. – Б. 64-70.
- 2 Браже Т.Г. Из опыта развития общей культуры учителя // Педагогика. – 1993. – №2. – С. 71-74.
- 3 Мурашев А.А. Речевое мастерство учителя (педагогическая риторика). – М.: Педагогическое общество России, 1999. – С. 394.
- 4 Кенжанова А.М. Бастауыш сынып мұғалімі мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас стилін қалыптастыру: п.ғ.к. ғыл. дәреже. алу үшін жаз.дисс. автореф. – Тараз, 1999. – 34 б.
- 5 Балақаев М.Баспасөздің тіл мәденеті туралы // Тіл мәдениеті және баспасөз. – Алматы, 1972. – Б. 247.
- 6 Гершунский Б.С. Философия образования. – М., 1998. – С. 65.
- 7 Меркибаев Т., Абдрахман Г.Қ., Жұмабаева А.М. / Хабаршы. Филология ғылымдары сериясы. – №2 (52). – 2015. – Б. 154-160.

References

- 1 Ozğanbaev Ö. Tereñnen tartıp tamırın. X. Dosmuxamedulinıñ ғılımı murası xaqında // Aqıqat. – 2004. – №1. – B. 64-70.
- 2 Braje T.G. İz opıta razvıtiya obşçey kwltwrı wçıtelya // Pedagogıka. – 1993. – №2. – S. 71-74.
- 3 Mwraşev A.A. Reçevoe masterstvo wçıtelya (pedagogičeskaya rıtorıka). – M.: Pedagogičeskoe obşçestvo Rossii, 1999. – S. 394.
- 4 Kenjanova A.M. Bastawış sınıp muğalimi men oqwşılar arasındaǵı qarım-qatnas stilin qalıptastırw: p.ğ.k. ǵıl. дәreje. alw üşin jaz.diss. avtoref. – Taraz, 1999. – 34 b.
- 5 Balaqaeв M. Baspasözdiñ til mädeneti twralı // Til mädenieti jäne baspasöz. – Almatı, 1972. – B. 247.
- 6 Gerşwnskiy B.S. Filosofiya obrazovanıya. – M., 1998. – S. 65.
- 7 Merkibaev T., Abdraxman G.Q., Jumabaeva A.M. / Xabarşı. Filologiya ǵılımdarı seriyası. – №2 (52). – 2015. – B. 154-160.